

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова
Academician E. A. Buketov Karaganda University

**Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға
алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
10 сәуір 2024 жыл**



**МАТЕРИАЛЫ
Первой НеКонференции студентов физико-технического факультета «Первые шаги к
науке» посвященной дню науки, 10 апреля 2024 год**

Организатор и редакционная коллегия
Сериков Т.М.

Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің бірінші «Ғылымға алғашқы қадам» атты НеКонференциясы материалдары.– Қарағанды, 2024.–106 б.

Жинақта Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткізген, Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференция қатысушыларының баяндамаларының материалдары жарияланады.

Конференция является частью учебного процесса по дисциплине «Основы научных исследований» и проводится для ознакомления обучающихся с формой проведения конференции!!!

Сауалнама қатысушыларының 81,1% адамға жалғыз қалған ұнайды яғни олар жалғыздық кезінде өздерін еркен сезінеді. 18,9% адам тіпті өзін жалғыздықта сізінгісі келмейді.

Адам саналы түрде жалғыздықты таңдайтын жағдайлар бар. Оған стрессті міндеттер мен жағымсыз эмоциялардың мөлшері артқан кезде туындауы мүмкін. Бірақ, жалғыздықтан айырмашылығы, бір мезетке ғана жалғыз қалу адамға ыңғайсыздық әкелмейді. Ол тыныштық береді, ал жалғыздық әрқашан қайғы мен алаңдаушылықпен бірге жүреді.

Бұл саналы таңдау, ойларыңызды жүйелеу және қайта жүктеу үшін өзіңізбен жалғыз болу қажеттілігі. Адамдар өз еркімен жалғыздықты таңдайтын көптеген мысалдар бар, мысалы, гермиттер, монахтар немесе рухани тәжірибелермен айналысатын адамдар. Олар адамзатпен, ғаламмен және Құдаймен байланыстарды аша алады. Ал бұл ішкі байланыстар оларға толықтық сезімін береді.

Қорытындылай келе біз осы таңдаған себебіміз адамдарда қазір жалғыздықпен күресетіндер мен жалғыз оқшауланатындар көпшілік. Жалғыздықтан қалай құтылу керек екенін, жалғыздық ол өзінің сана-сезімінде ғана екенін білмейтіндер қоғамда қаншама дертке ұшырайды.

Егер жалғыздық деген затпен жақсы қолдана білсек қазіргі әлемдегі мен-мен деген адамдар сияқты мол табысқа да, атаққа да жетуге болады.

Біздің статистикамызда көргендеріңіздей жалғыз қалатындар көп, бірақ өзін жалғыз сезінетіндер санаулы. Жалғыз сезінетіндер көбінесе айналадағы адамдардың ойымен жүргендіктен оларға сын көзбен қарайды деген қорқынышпен жүреді. Біздегі статистикада біздің курстастарымыздың көпшілігі жалғыздықпен зардап шекпейді, оқшауланғанды ұнатады. Қойған сұрақтары Осындай қорқыныш, не басқада жалғыздықта қалудың адамдар жаман жағын ғана көргендіктен осындай зерттеулер жасадық. Қойған сұрақтар арқылы студенттеріміз қаншалықты жалғыз сезінетінін анықтадық. Осы жұмысымызбен көпшілікке жалғыздық пен оқшауланудың айырмашылығын және ол қандай пайда әкелетіні туралы ақпараттарымыз бен ойларымыз көмектесті деген ойдамыз. Жалғысырамаңдар, бірақ оқшаулануды әдетке айналдырыңдар, осы кезде бақыт пен табысқа кеңелесіңдер!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://press.kz/novosti/pochemu-kazahstanczy-stradayut-ot-odinochestva-i-kak-s-nim-borotsya?ysclid=lulltlebel523332194>
2. <https://www.b17.ru/article/508039/?ysclid=lulrw7dd70630358918>
3. <https://www.b17.ru/article/odinochestvo-2023/?ysclid=lulhtjjw74117794078>

Ергеш Б.Б., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

Аманкелді А.С., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-1к тобы, студент

Қайыржан А.Қ., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФО-22-1к тобы, студент

Илесбай Л.Қ., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-1к тобы, студент

(Ғылыми жетекші - доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М)

**Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕР
ҮЙІНДЕ ТУЫНДАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР**

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ студенттер үйінде қазіргі таңда республикамыздың барлық аймақтарынан келген жастар қоныстанған. Студенттер үйі 2 676 орындық тоғыз қабатты, 6 тұрғын үй және бір 5 қабатты ғимаратынан тұрады. Студенттер үйлері қаланың оңтүстік-шығыс бөлігіндегі тұрғын алабында бой көтерген кампус аумағында орналасқан. Кампус аумағында университеттік Емхана, кампустың жанында азық-түлік дүкендері, дәрханалар, қала орталығына баруға мүмкіндік беретін аялдамалар бар.



1-сурет. Студенттер үйінің сыртқы көрінісі

Барлық ғимараттар бірнеше аймаққа бөлінген: тұрғын секция, тұрмыстық бөлмелер, кір жуатын орын, душ, демалыс бөлмесі. Тұрғын секцияға екі немесе үш орындық бөлме, шағын дәретхана бөлмесі, душ және ортақ дәліз кіреді. Әр бөлмеде матрасы бар екі-үш кереует, үстел, екі-үш орындық, киім-кешек шкафы, төсек-орын жабдығы, перде, еден төсеніші бар. Дәретхана бөлмесінде унитаз және қол жуғыш бар. Тұрғын бөлімге 2 немесе 3 бөлме кіреді. Екі орынды бөлменің ауданы – 11 ш.м., үш орынды бөлменің – 16,4 ш.м., дәретхана бөлмесі – 1,2 ш.м., жалпы дәліз – 8,6 ш.м.

- Тұрмыстық бөлмелер әр қабатта орналасқан және тамақ дайындауға арналған. Оларда екі электр плитасы, ыдыс жуатын шұңғылша, үстел бар.
- Кір жуатын орындар автоматты режимде жұмыс істейтін кір жуғыш машиналармен жабдықталған.
- Киімді кептіруге арналған бөлмелерде арнайы кептіру сөрелері, үтіктеу ақталары мен үтіктер бар.
- Душ бөлмесі душ кабиналарымен жабдықталған.
- Демалыс бөлмелерінде үстел ойындары ойнауға, кітап оқуға болады. [1]



2-сурет

Студенттер үйінде сақталатын ережелер:

1. Бөлмеде, Студенттер үйінде бірге тұратындарды, қызметкерлерді құрметтеу керек.
2. Жеке гигиенаны, Студенттер үйінің үй-жайлары мен аумағының тазалығын сақтау керек. Тұрғын секцияда бөлмелерді, тамбурларды және санитарлық тораптарды күнделікті тазалауды жүргізу маңызды.
3. Студенттер үйінің мүлкіне ұқыпты қарау керек.
4. Студенттер үйінің мүлкін, басқа тұрғындар мен қызметкерлердің мүлкін ғимараттан шығаруға тыйым салынады.
5. Студенттер үйінің жұмыс тәртібін сақтау керек. Студенттер үйіне сағат 23:00-ге дейін оралу қажет. Осы уақыттан бастап шулауға, кештер өткізуге, қонақтарды шақыруға тыйым салынады.
6. Студенттер үйінің әкімшісін дәлелді талаптарының аясында және оған штаттан тыс жағдайлар туралы хабарлау қажет.
7. Төбелес шығаруға, әдепсіз сөйлеуге, адамды моральдық және физикалық тұрғыдан қорлауға, денсаулық қазиян келтіруге, ақшата лап етуге, біреудің бөлмесіне рұқсатсыз кіруге және бір-бірінің жеке заттарына лұғаболмайды. [2]

Студенттер үйінде тұру ақысы.


2023-2024 оқу жылындағы студенттер үйінің тұру ақысы

Тұрғындардың категориясы	№ студент үйі	Блок	1 орын бағасы, теңге
Студент	№1	А	202000
	№2	А,Б	
	№1	Б	230000
	№3	А,Б	
	№4	А,Б	


Студенттер үйі А және Б блоктарына бөлінген. Блоктардың жағдайына байланысты тұру ақысы әртүрлі. Мысалы: №1 Студенттер үйінің А блогы Б блогына қарағанда арзанырақ. Себебі екі блоктың айырмашылығы: А блогында аздаған кемшіліктер бар.

Осындай қолжетімді нәрселерге қарамастан төмендегідей мәселелер туындайды: Ең алдымен бұзақылық іс-әрекеттер туралы айта өтсек, жалпы бұзақылыққа жиі қызуқанды жастардың баратыны сөзсіз. Студенттер үйінде осындай жағдайлар жиі орын алады десек қателескеніміз емес. Студенттер үйінде сақталатын ережелерді ұстанбайтындар, мысалы: ғимараттың мүлкіне өздерінің кері әсерлерін тигізіп бүлдіретіндер және студенттер арасындағы келіспеушіліктердің туындауы осы мәселенің өзекті болуына бірден-бір себеп болып отыр. Жалпы бұзақылық жасағандарға қарсы шаралар ұйымдастырылып жатыр десек те, осындай келеңсіз оқиғалардың саны күннен-күнге артуда.

Келесі кезекте студенттер үйінің тұрмыс жағдайына шынайы бақылау жасау мақсатында студенттерден сауалнама және «2ГИС» қосымшасынан пікірлер алынды. Төмендегі студенттерден алынған бірнеше пікірлерге назар аударсақ: «Қарапайым этаж асхаларында плита дұрыс жасамайды, 8ден тек 3 ғана. Тоңазытқыш көлемі кіші. Жылы суды өшіріп тастайды. Барлық этажға титан ба? аристон ба? берсе су жай жылы болып тұрса да жылы суды өшіріп тастағандағы судың суықтығын айта алмаймын. Қолымыз жарылып кетеді», «Ескі жабдықтар, орыны қамтамасыз етілмеген бос залдар, темірі шыққан төсек, істемейтін газ плиталар, духовка» деп өз ойларын білдірген болатын. Студенттердің пікірлері «2ГИС» желісін қолданушыларының ойларымен сәйкес келді деп айтсақ болады. Осы алынған мәліметтерге сүйене отыра, студенттер үйіндегі кейбір көпшілік біле бермейтін, әрқашан жасырын түрде қалатын көптеген нәрселерге көз жеткізілді. Ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмегеніне біраз жылдар өткені барлығымызға белгілі. Сондықтан студенттер үйі ескі ғимараттар қатарына жатқызылатыны сөзсіз. Қыс айларында терезеден соққан суықтан мұз қатып, бөлмелердің жылуына мүмкіндік бермейді. Су құбырларының дұрыс жұмыс жасамауы және жоғарғы қабаттардағы судың жетіспеуі студенттерді алаңдатады. Жылы су үнемі жұмыс жасамағандықтан, студенттер суық суды пайдалануға мәжбүр. Осы себептен денсаулықтарына кері әсерін тигізіп, жиі ауыруға ұшырауда. Күрделі жөндеу жұмыстары жоғары деңгейде жүргізіліп, студенттердің қолайлы жерде қоныстануларын қалаймыз.



3-сурет.«2ГИС» желісінің қолданушыларының пікірлері



4-сурет.Сауалнамалардан алынған пікірлердің статистикасы





5-сурет. Шын мәніндегі студенттер үйінің қазіргі жағдайы

5-суретке назар аударсақ, шын мәніндегі студенттер үйінің қазіргі жағдайын көре аламыз. Бұл жағдайларды көп студенттер жасырып қалады, себебі оларға бұл мәселелердің сыртқа шықпауына талап қойылуы мүмкін. Бұл мәселелер көзімізбен көре отырып, осы жағдайларды шешуге үлесімізді қосқымыз келді. Суретте көрсетілгендей, студенттер өздерін суықтан қорғау үшін, терезені жабдықтауға мәжбүр. Және де жаңартылмаған жиһаздардың кесірінен студенттерге қиындық туындап жатыр. Осы мәселелердің кері әсерінен студенттер үйінің тұрғындарының саны жылдан-жылға азаюда.

Өзекті мәселелер арасынан студенттер үйінің тұру ақысы да қалыс қалмады. Заман талабына сай студенттер үйінің тұру ақысы жылдан-жылға өсуде. Студенттер пікіріне көз жүгіртсек: «Мына жағдайына ыңғайсыз негізі, мен білетін университеттерде бізден екі есе аз төлейді, бірақ жағдайы бізден жақсырақ» деп өз ойларымен бөлісті. Көптеген студенттер тұру ақысының бағасына наразылықтарын білдіруде. Олардың ойларында бұл баға күнкөріске тіптен қолайсыз. Студенттер үйінің сапасына қарай бағасының болғанын қалайды. Студенттер үйінде 2676 орынның 453-і қазіргі таңда бос. Себебі тұру ақысына қанағаттанбаған көптеген студенттер, жалдамалы пәтерге көшуді жөн көрген. Студенттер үйінің қазіргі сапасына қарай тұру ақысын енгізу, бірден-бір шешім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://ssc.ksu.kz/index.php?r=site%2Fsvm>
2. <https://ortalyq.kz/e-b-ketov-atynda-y-ara-andy-universitetinde-studentter-jini-rylysy-bastaldy/>
3. <https://fast2.ksu.kz/kz/page/objects>

Сатымжан Д.Р., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

Назарбаева Д.Н., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-2к тобы, студент

Кошкинбай А.А., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-2к тобы, студент

Ербол.А., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-1к тобы, студент

(Ғылыми жетекші-доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М)

ҚАЗІРГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДАРЫНА САРАПТАМА. ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНҒА СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАТЫНАСЫ.

Қазіргі таңда студент жастарымыздың санасын дамыған, нарық билеп алған заманда, әр бір студент жұрт қатарлы өмір сүріп, қымбат киім киіп, қымбат телефондар

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

Оразбай Е.К., Пазылхан Р.Б., Асылбеков Н.Д., Зекен Р. Кибералаяқтар.....	6
Аметова Д.Б., Иманов Д.Е., Алтаева А.Б., Сағидулла А.Б. Суицид среди студентов в Республике Казахстан.....	11
Бекенова.Г.К., Жалғасбаева.Ж.С., Серікжан А., Сапарова А.Б. Студенттердің жатақхана мен пәтер арасындағы таңдауы.....	17
Иманмұса Н., Әбдісерік М., Насұрлла Д., Жарова Ж. «Серпін» бағдарламасымен білім алушы студенттердің адаптация проблемалары.....	22
Саттыбай А.С., Әсілбек А.Н., Рахадыл Ә.А., Нарбева А.И., Жастардың әлеуметтік желіде уақыт өткізу статистикасы.....	26
Турысбеков А.М., Жұмаділлә Ж.Е., Орынбасар А.Т. Қазақ контенті-қоғам айнасы.....	30
Махметов М.Н, Маматова Д.Г., Женисбай А.Е., Байысова А.Б. Отношение студентов к проблеме окружающей среды.....	44
Апендина А.Қ., Нурболат Ж., Еркінбай А.Н., Орынбасар Н.Н., Қарағанды қаласының артықшылықтары мен кемшіліктері.....	49
Алшатова А.Н., Балташ Қ.Б., Турмаханова Б.К., Уалханова Ш.М. Қазақстан қалаларындағы адамдардың негізгі болмысы.....	54
Сардарова А.Ж., Файзуллаева Ж.Қ., Әскер Б.А., Амангелді А.Ж. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері таңдаған мамандығы бойынша мәселелері.....	58
Акылбекова Н.Ж., Мейрханова Т.Қ., Аюев Е.Ж., Әбдіхалық Н.Т. Физика және нанотехнология кафедрасы студенттерінің жалғыздық деңгейі.....	64
Ергеш Б.Б, Аманкелді А.С. Қайыржан А.Қ, Илесбай Л.Қ, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттер үйінде туындаған мәселелер.....	70
Сатымжан Д.Р., Назарбаева Д.Н., Кошкинбай А.А., Ербол.А. Қазіргі студенттердің ұялы телефондарына сараптама. Ұялы телефонға студенттердің қатынасы.....	75
Қалаби Н.Б., Батырша Ф., Нуркина А.Б., Студент және жұмыс.....	79
Шмидт А., Қалдыбаева С.Ж., Зделеу Д.Е., Кумисбекова А.Т. Педагогикалық мамандыққа түсуге әсер ететін факторлар.....	81
Төлеубай Д.Ә., Ерлік Ә.Е., Сакенова Ж.К., Наурызбай А.Б. "Физика-техникалық" және "Математика және ақпараттық технологиялар" факультеттерінде студенттердің бакалавр бітіргеннен кейінгі жоспарлары.....	86
Абдиразакова Ж.К., Қазытай Ж.А., Рамазанова М.Х., Төлеутаева М.Е, Физика-техникалық факультетінің студенттерінің бір айлық орташа шығыны.....	92
Смағұл Т.Е., Ғанижан М., Мәжит Н.Н., Динахан Д. Студенттердің бос уақытын қалай тиімді өткізетінін анықтау.....	98
Итенов Д., Алмасқызы С., Бек Б. Қазіргі жастардың театр өнеріне деген көзқарасы және қызығушылығының деңгейі.....	104